

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2022жыл 3 апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы
 Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы
 Балалардың жасы: 4
 Жоспардың құрылу кезеңі: 12.09-16.09.2022ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.09.2022	Сейсенбі 13.09.2022	Сәрсенбі 14.09.2022	Бейсенбі 15.09.2022	Жұма 16.09.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап, сана», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орын тап» Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан жаған, Күмістен таған Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын. Аумин				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. (сөйлеуді дамыту)	«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. (құрастыру) Ойыншық жасау үшін	Менің ата-анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын-сауығын танытау. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау, жұптастыру «Бестемше» ойын	Ойыншықтар жәрмеңкесі. Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату. Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды пайдаланып концерт

	дамыту, сурет салу, мүсіндеу) Кітаптарда ойыншығының суреті барма карау. Ертегіде ойыншығы туралы айтыла ма анықтау. (көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау (математика негіздері)	кажетті заттар тізімін дайындау. (қоршаған ортамен танысу) Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. (сөйлеуді дамыту) Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. (сурет салу)	дамыту) Сол ойыншықтардың суретін салу. (сурет салу) Қуыршақ туралы тақпақ жаттау (көркем әдебиет)	құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету (математика негіздері) «Асық» ойыны (дене белсенділігі, математика) Орамалдан бөпе жасау. (құрастыру)	ұйымдастыру. (музыка)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Ұжымдық сурет салу. Плакатқа сөредегі ойыншықтарды санатып, суретін салдырту.	Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	Сахналау (ойыншықтардың қимылын сомдау)	Еңбек Күзде ересектерге ауласыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру	«Ойыншықтар әлемі» балабақша ауласындағы ойын құралдарын атау, санау, пішіндерін салыстырып атау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»(сөйлеуді дамыту).Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамактану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамактану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз				

	балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру (математика негіздері)	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау.	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу	Жәрменкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сойлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Допты қағып ал» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Орамал тастамаю». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.	Қ/О «Соқыр теке». Ойыншық жасау бойынша жеке жұмыстар	Қ/о «Хан талапай»» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О «Ұшты-ұшты» Жәрменкені ата аналарға таныстыру, концерттік бағдарлама
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағанын баласына айтып беруін сұрау.	Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау.	Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

МКҚК әдіскері:

У.Г.Нурмухамметова

«09» 09» 2022 жыл

